

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции
«Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

СЕКЦИЯ 5 ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТҮРКІЛЕР МЕН ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ КОРЕЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Абжаппарова Б.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

Hadisha_1960@mail.ru

Аннотация. Мақалада ұлы даланы мекен еткен көшпенділер мен түркілердің ежелгі және ортағасырлық корей мемлекеттерімен арасындағы байланыстары қарастырылады. Тарихнамалық талдау жасау барысында кеңестік тарихнамада орын алған Р.Ш. Джарылгасинованың «Древние когуресцы» зерттеуіндегі Корей түбегіндегі ежелгі Когурё, Пуё мемлекеттерінің тұрғындарының ата-бабалары мен Орталық Азияның көшпелі халықтары арасындағы ежелгі байланыстардың бар екендігі жайлы ғылыми пайымдауларын негізге алады.

Түркілер мен корейлердің тіліндегі көп ұқсастықтардың бар екендігін айқындай отырып, олардың тілі де алтай тілдер тобына жататындығы сараланған.

Кілт сөздер: ғұндар, түркілер, Чосон халқы, Пуё, Түрік қағанаты, Когурё, Пэкче, Силла, алтай теориясы.

Abstract. The article examines the relations of the nomads and Turks who inhabited the great steppe with the ancient and medieval Korean states. In the course of historiographical analysis in the article, R. Sh. Dzharilgasinova's research "Drevnie koguretsky" is based on scientific conclusions about the existence of ancient connections between the ancestors of the inhabitants of the ancient Goguryeo and Puyo states on the Korean peninsula and the nomadic peoples of Central Asia.

Having determined that there are many similarities between the languages of the Turks and Koreans, it is distinguished that their language also belongs to the group of Altaic languages.

Keywords: Huns, Turks, Joseon people, Puyo, Turkic Khanate, Goguryeo, Baekje, Silla, Altai theory.

Қазіргі кезеңде тарих ғылымында түркі және корей халықтары тарихын зерттеудің бірнеше тәсілдері бар. А.Тойнби мен О.Шпенглердің іліміне негізделген және бірқатар ғалымдардың еңбектерімен жалғасқан өркениеттік көзқарас, біздің ойымызша, түркі халықтарының тарихының ерекшеліктерін барынша толық ашып көрсетеді. Л.Н. Гумилевтың тұжырымы бойынша түркі мемлекеттілігінің, жалпы өркениеттің қалыптасуында табиғи-климаттық фактор үлкен рөл атқарды деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірінше, түркі тайпаларының географиялық орны мен табиғи өмір сүру жағдайлары ерекше

өндіріс түрі – көшпелі шаруашылықтың қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі таңда түркі және корей байланыстарын зерттеп, оның хронологиялық-географиялық шеңберін белгілеу отандық тарихнамада өзекті болып отыр. Л.Н. Гумилев түркі халықтарын зерттеуде ерекше рөл атқарды. Ғалым өз заманы үшін ерекше тәсілді қолдану арқылы Вернадскийдің жер биосферасындағы өзгерістердің халықтар тарихына әсері туралы іліміне сүйене отырып, пассионарлық теорияны алға тартады, оған сәйкес сол жеке халықтар фазасында, пассионарлық белсенділік әлемдік аренаға шығып, күшті мемлекеттер жасайды деп дәйектейді. «Ғұндар», «Ежелгі түркілер», «Ежелгі Ресей және Ұлы дала» шығармаларының түркі өркениетінің тарихын, оның өзіне тән белгілерін зерттеуде маңызы зор. Ғалымның зерттеулері хронологиялық тұрғыдан ғұндар (б.з.б. II-II ғасыр) мен түріктер (VI-VIII ғасырлар) дәуірін қамтиды.

Белгілі түркітанушы ғалым А. Ташағыл «Gök Tengri'nin Çocukları», дүниежүзі тарихын өркениетті көзқарас тұрғысында зерттей отырып, тарихнамада түркі халықтарының тарихын зерттеуді: исламға дейінгі және исламнан кейінгі деп екі кезеңге бөліп қарастырады. А.Ташағыл Еуразия даласының ежелгі халқын қоршап тұрған күрделі климаттық жағдайларды көрсетеді. Түркітанушы ғалымның пікірінше, көне түріктердің қоныстану географиясын 4 түрге бөлуге болады деп тұжырымдайды:

- тундра территориясы – түркі халықтарының мекендеген аймағының солтүстік бөлігі. Мұнда адамдар аңшылықтың шектеулі түрлерімен айналысып, бұғы етін жеген. Осындай қатал тұрмыс жағдайына байланысты мұнда шағын ұлттар дамыды;

- халқы аңшылықпен де, балық аулаумен де, терімшілікпен де айналысқан тайга. Бұл көбірек адамдардың өмір сүруіне мүмкіндік берді;

- дала және шөлейт зонасы – түркі тайпалары қоныстанған географиялық аймақтың ең үлкен бөлігі. Бұл климаттық жағдайлар мал шаруашылығының қалыптасуы мен дамуын анықтады;

- ірі өзендердің жағалауында орналасқан құнарлы жазықтар түркі өркениетінің географиялық шекарасы батыста – Орталық Еуропа территориясы және шығыста – Корей түбегі болып табылады деп көрсетеді [7].

Кеңестік тарихнамада отандық және шетел тарихында оның ішінде біз қарастырып отырған мәселе тек таптық көзқарас тұрғысында қарастырылды. Түркілер мен корейлердің байланысы жайлы арнайы кешенді зерттеулер аз. Корей этногенезі жайлы Р.Ш. Джарылгасинованың «Древние когуресцы» зерттеуінде Когурё тұрғындарының ата-бабалары мен Орталық Азияның көшпелі халықтары арасындағы ежелгі байланыстардың бар екендігін, сонымен қатар көшпенділердің Пуё елді мекенінің төменгі аймақтарынан Корей түбегінің солтүстік бөлігінің таулы аймақтарына, содан кейін Чхончхонган және Тэдонган алқаптарына көшкені, ат әбзелдерінің (жылқыны мініс пен шаруашылыққа пайдалануда қолданылатын құрал-жабдық түрлері) атрибуциясының жақсаруына әсер етті деп дәлелдейді. Р.Ш. Джарылгасинова Когурё тұрғындары мен олардың туысқан халықтары үзеңгілері бар қатты ертоқымның құрылысына үлес қосты деп болжайды [2: 111].

Зерттеуші археолог Е.И. Деревянко тунгус-маньчжур тайпаларының этногенезінде мохэ тайпаларының алатын рөлін зерттей отырып, археологиялық деректер, жылнамалық деректер, этнографиялық параллельдер – мохэ көрші аумақтардағы тайпалармен: түркілермен, шивэйліктермен, корейлермен, қытайлықтармен қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді. Мохэ тайпалары ежелгі корейлік Когурё және Пархэ княздықтарының этногенезіне елеулі үлес қосты [1: 187].

Сонымен қатар, соңғы уақытта Еуразия мен Корей түбегі халықтарының көшпелі мәдениетінің өзара байланысы мен өзара кірігуін корейлер Алтай теориясымен түсіндіреді. Корей ғалымы Мионг Сун Ок ежелгі Чосон мемлекетінің қалыптасуына (б.з.д. 2333ж. – 108 ж.) келесі тайпалар: е, мэк, хань, хунну, моңғолдар, гогурьо, донгье, окчо, донгхо, буюе, горан (кидан), йодин, суксин ықпал етті. Өйткені, бұл тайпалар Алтай мәдени аймағында өмір сүрді деп дәйектейді [3].

4000 жж. Сібірдің солтүстігінде өмір сүрген және тарақ түріндегі ою-өрнегі бар керамикалық ыдыстарды пайдаланған палеоазиаттық тайпалар Маньчжурия мен Корей түбегі аймақтарына кірді. Алтай таулары мен Моңғолияның солтүстігінде тұратын халықтар Маньчжурия мен Корей түбегіне тарап, сонда қоныстанған мэктермен кездесіп, корей халқы қалыптасты. Алғашқы корей мемлекеттерінде – негізінен корей халқы мен аздаған алтай халықтарынан құралған алтай тайпаларының біріккен мемлекеттерінде түркі немесе моңғол-тунгус тайпалары араласып, отырықшылық үдерісі нәтижесінде солтүстіктегі көшпелі этникалық топтар бірте-бірте азайды [4].

Ерте және орта ғасырлар кезеңіндегі түркілер мен корейлер байланысы «Самгук Юса» және тағы басқа ортағасырлық корей тарихи шығармалары негізінде Ляохэ мен Тэдонган өзендерін жағасында Корей түбегінің солтүстігінде Манчжурияның оңтүстігінде б.з.б. 2333 жж. 109 жылы құлағанға дейін Кореяда алғашқы Чосон деген атпен корей мемлекеті пайда болды. Чосон мемлекеті көне түркілермен байланыста болып, көмек алып отырған.

Мэк тайпалары мен ежелгі Алтай біріккен мемлекеті туралы тағы бір болжам бар. Үш тайпа туралы болжау бойынша қытайлар «туньи» (шығыстағы варварлар), этнологтар алғашқы тунгу-сами деп атаған халықтар – корейлер. Олар бір сары нәсілге жататын, бірақ қытайдың хань халқы мен моңғолдардан ерекшеленетін. Бұл корей халқын әр уақытта солтүстік Қытай арқылы шығысқа көшкен Фан Унг, буюе және сақтар (кезбелер) құрады деп есептеледі. Буюе қытайдың солтүстігі арқылы әртүрлі уақыт кезеңінде шығысқа қоныстанды. Олардың жолдары өткір өңделген тастан жасалған құралдар мен керамикалық құмыралардың таралу бағыттарымен сәйкес келеді. Фан-ун тайпалары солтүстік-шығысқа Орта Азиядан немесе Тянь-Шань аймақтарынан келіп, Қытайдың Гамсук провинциясынан, Хуанхэ өзенінің төменгі ағысынан өтті. Сақтар Корей түбегіне Орталық Азиядан немесе қазіргі Түркиядан, Тяньшань, Донфанг, Ордос, Ляодун арқылы келген. Олар Силланың корольдік отбасын құрады. Бұл үш тайпа әр уақытта Қытайдың солтүстік-шығысына келіп, жергілікті халықпен араласып, Корей түбегіне қоныс аударып, жетекші күшке айналды деген де болжам бар [5].

Буёдағы қазба жұмыстары кезінде табылған кішкентай мыс қылышта Қытай мәдениетінің іздері кездеседі. Оны сипаттайтын негізгі элементтер – жыртқыш аңдар мен шөпқоректілер түріндегі ою-өрнектер. Аталмыш жүздің сабы құс бейнесімен безендірілген. Бұл қылыш Қытай мен Орта Азия мәдениетінің Моңғолия мен Қытай арқылы Маньчжурия мен Корей түбегіне келіп, Жапонияға тарағанын көрсетеді. Бұл жол Еуразия мен Корея арасындағы мәдени алмасуды айғақтайды. Ал Пангодэ шатқалынан, Тхэ Хван Дон өзені бойында табылған петроглифтерде көбінесе бұғылардың суреті қашалып жазылған, осы жерден 300-ден астам петроглифтер табылған. Жаңа тас дәуірі мен қола дәуіріне жататын ескерткіштерде бұғылардың суреті көп. Олар сақтардың күнге табыну дәстүріне қатысты символы болған.

«Бабалар ізімен» деп аталатын жоба бойынша меценат Сапар Ысқақов бастаған ғылыми экспедиция Оңтүстік Кореяға барды. Бұл экспедицияда қазба жұмыстары кезінде корейлердің Кенджу қаласынан табылған алтын қылыш қазіргі Қазақстанның территориясында жасалғанын анықтады. Сонымен қатар, ертеректе Түрік қағанаты Когуре патшалығына үлкен көмек бергені белгілі болды. Оған қоса, Чосон халқы мен ғұндардың туыстас екенін көрсететін тарихи жазбалар да табылды. Когурё, Пэкче және Силла үш мемлекеттің қалыптасуы I-II ғ. жүзеге асты. Осы аталған мемлекеттердің барлығы Ұлы даламен берік тұрақты қарым-қатынаста болды. Оған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тарихи жәдігерлер куә. Сақтардың өмір сүрген кезінде пайдаланған әскери құралдары, киімдері, жерлеу кезінде ұстанған дәстүрлерін археологтар осы мемлекеттер өмір сүрген жерлерде тапқан. Бұл жерлеу дәстүрі «анапчи» деп аталып, қазіргі Оңтүстік Кореяның Кенджу қаласының орнынан табылған. Табылған заттарды орта ғасырдағы Силла мемлекетінің патшалары қолданған.

Көшпелі салт аттылар мәдениетінің іздерін түбектің «ішкі жағынан» кездестіруге болады: Силлада –жерленген корольдердің сыртқы ағаш табыттары бар тас қабірлерде, ат әбзелдері, алтын жәдігерлер табылды. Көшпенділер қолданған – қола құмыралар мен сусын ішетін мүйіздер де таң қалдырады. Атап айтқанда, Силладағы көне бейіттер мен олардан табылған заттар. 5-6 ғасырлардан басталатын кезеңге қатысты болғандықтан, олар бұған дейін болған қорымдар мен жәдігерлерден мүлде бөлек және солтүстік көшпенділерінің мәдениетіне сәйкес келеді. Әсіресе алтын әшекей бұйымдары өзінің түрі мен мазмұны жағынан көшпелі хунну заттарының ерекшеліктерін мен діні толық сәйкестігін көрсетіп, бұл олардың бір саласы Силла король әулеттерінің жаңа билеуші топтарының бір бөлігі болғанын көрсетеді [3].

Археологтардың ерекше назарына түскен қазбалардың ішінде алтын сапты қылыш болды. Ол қылыш Силланың он үшінші патшасының обасы Мичудің обасының жанынан табылған. Мұндай қару Корей мемлекетінің территориясында алғаш рет табылған, сол себепті зерттеушілер оның қайдан пайда болғанын ұзақ жылдар бойы зерттеді. Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитажда осы қылыштың аналогы бар екені табылды. Бұл экспонат 1928 жылы Қазақстандағы Бурабай көлінің жанында қазба жұмыстары кезінде табылды.

Осылайша, археолог ғалымдар Силла дәуірінде қолданылған қылыш Ұлы Даланың аймағында жасалған деген тұжырым жасалды.

Түрік-корей қатынасы осыдан 2000 жыл бұрын басталған деген болжамдар бар. Дегенмен, нақты жазба деректер VI ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. «Самгук Саги» кітабында Когуренің патшасы Янгвонның жетінші билеу жылы 551 жылдың шілдесінде түріктер корейлерге шабуыл жасады. Бекам бекінісіне шауып, Гол есімді қолбасшы бастаған 10 000 әскерді жеңді деген мәлімет бар. Білге қағанның жазбасында жазылған ежелгі корей тарихы – Когурё, Силла, және Когурені жаулап алу кезінде жұмылдырылған түрік әскерлері, Капаған қаған және Го Мун Кван Ко Хонг Гви, Пархэ мен түріктер арасындағы Төңкер тау маңында болған соғыс тұлғаларына қатысты баяндайтын мәліметтер кездеседі. Осы жазуды зерттеу нәтижесінде бес жерде корейлердің ежелгі тарихының жазбалары пайда болды. Нәтижесінде, Білге қағанның жазбасында корейлерге қатысты төрт жазбада Когуре мен Силла мемлекетінің аумақтық орналасуына байланысты мәліметтер кездеседі. Ал кейбір деректерде Бөкүлі Чөлүг Ел. «Бөкілі шөлді ел» - Қазіргі күн шығыстағы Корей түбегі болып саналады. Кейбір зерттеушілер «Бөкүлі» Пэкче мен Когуре мемлекеті, ал, «Чөлүг елі» солтүстік Жоу мемлекеті деп қарастырып келеді. Бумын қаған мен Истеми қағандардың жерлеу рәсіміне көңіл айту ретінде күн шығатын шығыс елінен Бекри, Қытай, Тибет, Абир мен Горан секілді оннан астам елдер елшісін жібергені жазылған. Бұл жердегі күн шығатын шығыс елі Бекри елі – Когуре мемлекеті. Сол кезде Орталық Азияда Когуре елінің аты Бақри немесе Мекри деп қолданылған. Гуре сөзінің мағынасы адамдар көп орналасатын жер, ал Ко үлкен деген мағынаны береді. Екеуі қосылып адамдар көп орналасып, жақсы өмір сүретін жер деген мағынаны бергендіктен Когуре атауы қойылған солтүстікте көбісі олардың халықтарын Йемектер деп атаған. Осы жердегі Йемектің «мек» бөлігі мен Когуренің «куре» бөлігі синтезделіп «Меккуре» болды. Ал түріктердің тіліне бұл сөзді ауыстырсақ Бекри болып өзгереді. «Бөкүлі», «Бөклі» атаулары осыдан шыққан. Түркі қағанаты уақытындағы көне жазба ескерткіштерінің бірі Күлтегіннің тас жазуына ұқсас таңбаларды корей халқынан да таба аламыз. Мысалы, Күлтегін тас жазуының астында тасбақа орналасқан, сол сияқты корейлердің ежелгі сарайларының алдында да тасбақалар бар. 1965 жылы Өзбекстанның, ежелгі Афросиаб, Самарқанд қаласындағы сарайдың қабырғасында шетелдік елшілердің суреттері бейнеленген. Бұл жұмыс шамамен 640-660 жылдарға сәйкес келеді. Бұл кезеңде Түрік қағанаты мен Когуренің арасында саяси одақтас болған кезеңіне тура келеді. Біз 628 жылы Суй империясы құлағаннан кейін де когуреліктер мен түріктердің байланысы үзілмегенін көреміз. Ежелгі Афрасиаб сарайы 7 ғасырдың ортасында салынып, Жібек Жолының бойында орналасқан Шығыс пен Батысты ұштастыратын мәдени орталыққа айналды. XII ғасырда Ким Бусик жазған «Самгук Саги» кітабында Когуре, Пэкче және Силла мемлекеттері жайлы баяндайды. Осы жазбаның «Когуре жайлы кітап» бөлімінде түріктер жайлы көп айтылған. 551 жылы күзде қыркүйекте түріктер (торки (тольгволь) келіп Синсон бекінісін басып ала алмай, соққыны Пэгам бекінісіне ауыстырады. Ван 10 000 әскердің

қолбасшысы етіп Ко Хылді жібереді деген мәлімет берілген. Бумын қаған басшылығымен 552 жылдан бастап Қытай мен Когуреліктер арасындағы шайқастарға қатысқан. Когуре Суй және Таң шапқыншылығынан қауіптеніп Шығыс Түрік қағанатымен байланыс орнатып, олардан көмек сұрап отырды. Ол туралы да Самгук Сагиде жазылған. Әсіресе саяси, әскери, дипломатиялық байланыс мықты болған. 751 жылы Талас, Атлах шайқасы Таң империясы мен Араб халифатының арасында болғаны белгілі. Шайқасқа түркілер де белсенді түрде қатысты. Таң империясының әскерін басқарған ұлты түркі, генерал Гао Сянчжиді кезінде корей ұлтынан шыққан делінгенімен, негізінен Орталық Азияның тумасы. Осыған ұқсас корейлердің атақты генералы Ондол да Орталық Азияның тумасы болып шықты. Түріктер мен корейлер қарым-қатынасы сақтардың дәуірінде басталып, Түрік қағанаты кезеңінде дамып Дешті қыпшақ кезеңіне дейін жалғасты. Шыңғыс ханның ұрпағы Құбылай хан құрған Юань патшалығына Корей түбегі бір ғасырдан астам уақыт бағынды. Ал осы моңғол империясының басқару саласында түркілер үлкен рөлге ие болды. Олардың жартысы Корей түбегіне келіп елді басқаруға атсалысты. Сол кездің өзінде корейлер көне түріктердің әскери өнерін, дәстүрін және өмір салтын зерттеген.

Түркілер мен корейлердің тілінде де ұқсастықтар өте көп Екі жақтың тілі де алтай тілдер тобына жатады. Ғалым лингвисттердің айтуы бойынша, түркілер мен корейлердің бірдей мағына беретін ортақ сөздері бар. Оның ішінде біздің қазақ тілімізбен корей тіліне ортақ 300-ден астам сөз бар. Мысалы, ежелі Чосон мемлекетінің астанасы «Асадал» деп аталған. Бұл сөздің мағынасы иероглифтерді оқу барысында аздап өзгеріске ұшыраған. Негізінде, елдің астанасы деген мағынаны беретін «Асдала» деп аталған. Мағынасы мен оқылуы біздің тілімізбен өте ұқсас. Чосон халқы мен ғұндар корейлердің ежелгі тарихы жазылған кітабында туысқан ұлттар деп есептеген. Генетикалық зерттеулерге сүйенсек, корейлер де көшпелі халық болған. Корейлерде әр түрлі техника мен технологияларды зерттеп дамытқан. Өркениеттің дамып қалыптасуына үлесін қосқан. Италияндық зерттеуші Маурицио Риотто «Ежелгі корейлер мен ғұндар: олардың қарым-қатынасының артында не бар?» мақаласы 2009 ж. Автор ғұндар мен ежелгі корейлердің мәдениеттерінде (Когуре, Пуе) көптеген ортақ компоненттер бар екенін баса айтады. Алайда, кейбір ұқсастықтар соншалықты таңқаларлық, зерттеушінің пікірінше, Пуё, Когуре және Хунну халықтарының мәдени туыстықтары туралы айтуға болады [6]. Қорғандарды жерлеу рәсімінде, шаруалығында, өнерінде, сондай-ақ, итальяндық зерттеуші ғұндар аспан немесе құдайды атаған кезде қолданатын «тенгри» сөзінің корей тіліндегі «тангун» сөзімен ортақ түбірі бар деген қызықты болжамды алға тартады. Конкук университетінің профессоры Го Гю Сон ХХІ ғасырдың басында корейлер мен басқа ұлттардың ұқсастығын зерттеді. Әлемдегі көп елдің ішінде корейлерге ең қатты ұқсайтын қазақ халқы болып шықты, соның ішінде Орта жүзге жататындығын дәлелдеді. Ежелгі түркі-корей саяси, дипломатиялық, мәдени байланыстары болғандығын дәлелдей отырып, әлі де болса корей археологиялық, көне жазба деректерін әлі де болса тереңнен зерттеуді қажет етеді.

Әдебиет

1. Дервянко Е.И. Мохэские памятники среднего Амура. – Новосибирск, 1975. – 250 с.
2. Джарылгасинова Р.Ш. Древние когуресцы. – Москва, 1972. – 201 с.
3. Мионг Сун Ок. Генезис древней корейской народности и ее кочевая культура // <https://articlekz.com/article/8334> дата загрузки 19.05.2023.
4. Чвэ Хан У. Центральный Алтай. – Пхьонэги, 1993.
5. Чонг Хьонг Дин. Фан Унг из тысячелетнего королевства Сусиана. – Илпит, 2006.
6. Maurizio Riotto. Ancient Koreans and Xiongnu: What was the nature of their relationship // Journal of Northeast Asian History, Vol. 6. N. 1. – 2009.
7. Taşağıl A. Gök Tengri'nin çocukları. – İstanbul: Bilge, 2014. – 367 с.

ПРОБЛЕМЫ МИГРАНТОВ КЫРГЫЗСТАНА: ФАКТЫ, РЕАЛИИ И ПОСЛЕДСТВИЯ

Абытов Б.К

*Ошский государственный университет,
Ош Кыргызская Республика
baybolot-1962@rambler.ru*

Аннотация: Всем известно, что экономика Кыргызстана сильно зависит от внешней трудовой миграции и денежных переводов этих мигрантов. В свою очередь благоприятные миграционные процессы, влияют на устойчивость и развитие общества Кыргызстана. В данной статье предпринята попытка изучить рост количества трудовых мигрантов Кыргызстана за рубежом, за последние 32 года, восстановить наиболее близкие к истине цифровых данных о мигрантах, конкретных фактов, реальных проблем жизни, а также последствия массового потока за рубежи нашей страны.

Ключевые слова: мигранты, политика, процесс, соглашения, безопасность, права, факты, реалии, проблемы, последствия.

Abstract: Everyone knows that economy of Kyrgyzstan is highly dependent on external labor migration and remittances of these migrants. In turn, favorable migration processes affect the stability and development of society in Kyrgyzstan. We made an attempt to study the growth in the number of labor migrants abroad over the past 32 years, to restore the closest to the truth of digital data on migrants, a number of facts, real problems in the life, as well as the consequences of a massive flow abroad of our country.

Keywords: Kyrgyzstan, migrants, policy, process, security, facts, realities, problems, consequences, agreements, agreements, legal acts.